

"Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытушың 2001-2005 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 желтоқсан N 1731

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001 жылға арналған Индикативтік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 қыркүйектегі N 1398 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытушың 2001-2005 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

"Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытушың 2001-2005 жылдарға арналған жоспары

Астана, 2001 ж.

Пайдаланылатын қысқарған сөздердің тізімі

РМК	Республикалық мемлекеттік кәсіпорнын
ҚР	Қазақстан Республикасы
ӘК	Әуе кеңістігі
ИКАО	Халықаралық авиатасымалдаушылар қоғамдастыры
ИАТА	Халықаралық авиатасымалдаушылар қоғамдастыры
ӘҚБ	Әуе қозғалысын басқару
АНҚ	Аэронавигациялық қызмет көрсету
ӘҚБ АЖ	Әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі
АЖО	Диспетчердің автоматтандырылған жұмыс орны
ӘҚҰ	Әуе қозғалысын ұйымдастыру
ЖӘЖ	Жергілікті әуе желілері
ӘҚҰА	Әуе қозғалысын ұйымдастыру ауданы
CNS/ATM	"Әуе қозғалысын ұйымдастыру мүддесі үшін Байланыс, Навигация, Бақылау" тұжырымдамасы
GPS	Ғарыштық орналасу жүйесі
FANS	Болашақтағы навигациялық жүйелердің тұжырымдамасы

АТН	Аэронавигациялық телекоммуникациялық желі
ЕР	Екінші радиолокатор
GNSS	Ғаламдық навигациялық спутниктік жүйе
ЕШРЛ	Екінші шолу радиолокаторы
РТЖБПҚ	Радиотехникалық жабдықтар мен байланыс құралдарын пайдалану қызметі
ӘҚҰҚ	Әуе қозғалысын ұйымдастыру қызметі

1-тaraу. Ұлттық компанияның сипаттамасы

Кәсіпорынның атауы: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Әуе қозғалысын басқару және ұшулады радиотехникалық қамтамасыз ету мен электр байланысының жерусті құралдарын техникалық пайдалану жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорны - "Қазаэронавигация" РМК.

Кәсіпорынның маңызды міндеті: Қазақстан әуе кеңістігінде ұшулады барынша қауіпсіздік және тиімділікпен қамтамасыз ету үшін, әлемдік авиациялық қоғамдастықтың талаптарына сәйкес республика аумағында әуе қозғалысын басқару, еліміздің әуе кеңістігін пайдаланушылардың мұқтаждықтарын мейлінше толығырақ қанағаттандыру, сонымен қатар пайдаланушыларды дер кезінде толық, дұрыс аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету арқылы Қазақстан Республикасының аэронавигациялық жүйесін дамыту болып табылады.

Әуе кеңістігін пайдаланушылардың барлығының мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін, республикамыздың әуе қозғалысын басқарудың бірыңғай технологиялық жүйесінің қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатымен, 1994 жылғы мамырдың 10-дағы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің N 489 қаулысымен және 1995 жылғы маусымның 22-дегі 133 бұйрығымен "Қазаэронавигация" РМК құрылды.

Заңдық мәртебесі: Республикалық мемлекеттік "Қазаэронавигация" РМК заңды тұлға болып табылады, шаруашылық жүргізу құқығында оқшауланған мүлкі бар және өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, ИКАО-ның құжаттарын және халықаралық шарттардың, Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің және Укіметінің, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің актілері мен кәсіпорынның Жарғысын басшылыққа алады.

Жедел қызметінің негізгі элементтері:
әуе қозғалысын басқару;

ҚР әуе кеңістігінде (ӘК) ұшулады орындаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

ҚР ӘК пайдаланылу тәртібін үйлестіру;

ҚР-да әуе қозғалысын жоспарлау;

радиотехникалық жабдықтарды және байланыс құралдарын пайдалану, техникалық

қызмет көрсету, жөндеу, тапсырыспен қамтамасыз ету және пайдалануға беру;

ҚР ӘК-де аэронавигациялық қызмет көрсету үшін ақы алу;

ұшуларды аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету;

ҚР ӘК пайдаланудағы жанжалдар мен тәртіп бұзушылықты есепке алу және
тексеруге

к а т ы с у ;

ӘК қауіпсіздікпен пайдалануды реттейтін ережелер, тәлімдер, нұсқаулықтар және
басқа да нормативтік кесімдерді әзірлеуге қатысу;

ӘК құрылымын жетілдіру және аудандарды ірілендіру;

ӘҚБ автоматтандырылған орталықтарын құру;

ӘК екінші радиолокациялық жазықпен жабу;

CNS/ATM спутниктік навигациялық жүйені пайдалану.

Күлігі: ҚР заңнамасы шеңберіндегі құрылтайшылық құжаттарына сәйкес жұмыс
атқаруға құқық беретін 2000 ж. наурыздың 28-дегі N 8360-1919-МК заңды тұлғаның
мемлекеттік қайта тіркеуден өткендігі туралы қуәлік.

Мәртебесі: Аэронавигациялық қызмет көрсетудің мемлекеттік провайдері.

Айрықша құқықтары: Қазақстан Республикасының аэронавигациялық жүйесін құру
, оның құрылымымен айналысу, жинақтау, иелену, пайдалану және оған техникалық
қызмет көрсету. Аэронавигациялық қызмет көрсету бөлігіндегі провайдерлік
жұмыстары .

Жарғылық қоры: 2,1 млрд. теңге

Активтері: 12,7 млрд. теңге

Жылдық айналымы: 6,8 млрд. теңге

"Қазаэронавигация" РМК "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан
Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар
субъектілерінің Мемлекеттік тізіліміне енгізілген. Қазақстан Республикасының табиғи
монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі
агенттігі қесіпорынның аэронавигациялық қызмет көрсетуге және шығынның пайда
болуына бақылау жүргізеді.

Кесіпорынның мемлекеттік басқару элементі ретіндегі құрылымы

1995 жылы Әуе қозғалысын ұйымдастыру және радиотехникалық жабдықтары мен
байланыс құралдарын пайдалану жөнінде бірыңғай мемлекеттік кесіпорын құрғандағы
Қазақстанның негізгі ұтқан жерлерінің бірі - әуе қозғалысын басқару,
аэронавигациялық қызмет көрсетуге ақы алу және алынған қаржылық қаражаттар
негізінде аэронавигациялық жүйені жетілдіруді жүргізу функцияларын бір ғана
шаруашылық субъект шеңберінде топтастыру болды.

Көптеген өндіруші фирмалардың жабдықтары қолданылатындықтарына қарамай,
кесіпорын оларды ӘҚБ бірыңғай автоматтандырылған жүйесіне интеграциялауды
табысты түрде шешіп келеді. Қазіргі кезде құрылымы жүріп жатқан телекоммуникация
желісі - шағын жүйелерді құрастыратын Қазақстанның ықпалдастырылған

аэронавигациялық жүйесіне бірігуінің негізі болып табылады. Желінің құрылудына қарай ИКАО-ның "CNS/ATM" тұжырымдамасына сәйкес барлық шағын жүйелер бірігеді, бұл келешекте өзінің бірде-бір бөлігінің оқшау жұмыс істеуіне жол бермейтін

бірыңғай құрылымға әкеледі.

Әуе қозғалысын басқару - ішіне әуе қозғалысына тікелей басшылық ететін диспетчерлік құрам және сондай-ақ инженерлік-техникалық, жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын басқа да бөлімшелер кіретін, көптеген негізгі және қосалқы қызметтердің бір-бірімен ұдайы және шұғыл қарым-қатынас жасап отыруын талап ететін үзіліссіз технологиялық процесс болып табылады.

Жалпы аэронавигациялық кешеннен оның кез келген бір бөлшегін бөліп әкету - тұрақты қалыптасқан технологиялық байланыстың бұзылуына әкеп соғады, бұл оның жұмысында тоқырау қаупін туғызады, нәтижесінде, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және КР Қорғаныс министрлігімен келісілуі талап етілетін ұшулардың қауіпсіздік және ұлттық қауіпсіздікпен қамтамасыз етуі жағдайы нашарлайды.

Қазақстан Республикасында қазірдің өзінде дүниежүзілік авиациялық қоғамдастықтың талабын қанағаттандыратын, ӘҚБ-ның қазіргі заман қурал-жабдықтарымен, навигациясы және байланыстарымен жарақталған халықаралық әуе жолдарының кең желісі құрылған. Трассаларды жоспарлау және оны іске қосу - әуе кеңістігін пайдаланушылар жағынан келіп түсken сұраныстар бойынша жүргізіледі.

Осылайша, қазіргі кезде "Қазаэронавигация" РМК аэронавигациялық қызмет көрсетуде қажетті сапамен жауап беретін, бірыңғай жақсы баланстанған құрылым

болып табады.

Бұл жүйенің кез келген, тіпті, бір қарағанда ең мәнсіз болып көрінетін құрылымдық қайта құрылышы - оның құрамдас бөліктерінің айқын орныққан өзара қатынастарына кедергі келтіреді, қалыптасқан технологиялық қарым-қатынастарын бұзады және дәл қазір бұл қолданбалы болып табылмайды.

"Қазаэронавигация" РМК бас директорының 2000 ж. 12.06-дағы N 907 бүйрекімен кәсіпорынның ұйымдық құрылымы бекітілді (Қосымша А).

2-тарау. Ұлттық компанияның 1998-2000 жылдардағы өндіріс-қаржылық дамуын талдау

1. Тауарлар, жұмыстар, қызметтер көрсету өндірісі (экономикалық қызмет түрлері бойынша)

Өзінің атқаратын негізгі функциясына сәйкес "Қазаэронавигация" РМК негізгі жұмыстары бойынша мынандай қызметтер көрсетеді:

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелерінің ұшу бағыттарында аэронавигациялық қызмет көрсету;

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінің аэродром ауданында әуе кемелеріне

аэронавигациялық қызмет көрсету; телекоммуникация көрсету; радиобайланыс; авиациялық белгіленген телеграфтық байланыс; аэронавигациялық ақпаратты жеткізу.

Әуежайлық қалашықтарда орналасу тарихи себептерінің күшіне орай, "Қазаэронавигация" РМК басқа да қызметтер көрсетеді, олар - негізгі өндірістік қорларды жалға беру, электр энергиясы және жылумен қамтамасыз ету, коммуналдық қызмет көрсету.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі маршруттар мен аэрором ауданындағы әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетудің өндірістік көрсеткіштері: ұшақ-километр, ұшақ-ұшып шығу және әуе кемелерінің барынша ұшу массасының тоннажы әуе кемелерінің ұшу бағыты мен аэрором аудандарында аэронавигациялық қызметке алым жинау үшін параметр болып табылады. Бұл параметрлерді Халықаралық азаматтық авиация үйімі (ИКАО)-ның құжаттары ұсынған.

Doc 9161/2 1986 жылғы "Маршрутты аэронавигациялық қамтамасыз етудің экономикалық аспектілері жөнінде басшылық";

Doc 9562 1991 жылғы "Әуежайлар экономикасы жөнінде басшылық";

Doc 9161/3 1997 жылғы "Аэронавигациялық қызмет көрсетудің экономикалық аспектілерінде басшылық";

Doc 9082/6 2001 жылғы "Аэронавигациялық қызмет көрсетудегі әуежайлық алымдарға қатысты ИКАО-ның саясаты".

1998-2000 жылдары "Қазаэронавигация" РМК-ның барлық өндірістік көрсеткіштері төмендегідей болды:

276,3 млн. ұшақ-километрлер, оның ішінде 2000 жылы - 94,2 млн. ұшақ-километр, 1999 жылға қарай өсімі 6,6 пайыз немесе 5,8 млн. километр;

86,7 мың ұшақ-ұшып шығу, оның ішінде 2000 жылы - 28 мың ұшақ-ұшып шығу, 1999 жылға қарай өсуі 6,5 пайыз немесе 1,7 мың ұшып шығу;

Ұшақ-ұшып шығудан 661,2 мың тонна барынша ұшу массасы, оның ішінде 2000 жылы - 1226 мың ұшақ-ұшып шығу, 1999 жылға қарай төмендеуі 1,8 пайыз немесе 23 мың ұшып кету;

1998-1999 жылдары Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелерінің ұшу саны 20%-ға төмендеді. "Қазаэронавигация" РМК республика аумағы бойынша үлкен қашықтыққа созылатын жаңадан ашылған маршруттарға маркетингілік жұмыстар жүргізудің нәтижесінде бірқатар авиакомпанияларды тартуы - кәсіпорынның аэронавигациялық қызмет көрсетудегі табыстарын жоғалтпауға мүмкіндік берді, ал 2000 жылдан бастап жыл сайынғы 2-3% өсу беталысы қалпына келтірілді.

Мемлекеттік меншіктіктеріне, ведомстволық бағыныштылықтары мен меншік

түрлеріне қарамай, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардан аeronавигациялық қызмет көрсетілгені үшін (әрі қарай АНК) аeronавигациялық алым түрінде ақы алынады.

АНК-дан түскен табыс кесіпорынның барлық табыстарының негізгі үлесін құрайды. АНК табысының 80%-дайы шетел авиакомпанияларының транзитті рейстерінің есебінен қалыптасады, ал 20%-ы қазақстандық авиакомпаниялар және қызмет көрсетілетін әуежайларындағы ұшу-қонуды қамтамасыз ету жұмыстарынан түседі.

Басқадай табыстар тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді іске асырудан, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес нарықтық босатылған бағалар мен тарифтердің негізінде қалыптасады.

2. Қызметтің қаржылық нәтижелері

1998-2000 жылдары "Қазаэронавигация" РМК-ның табысы 18042 млн. теңге болды, оның ішінде АНК-дан түскен кірістің жалпы көлемі бойынша 16007 млн. теңге немесе 88,3%-ды құрады. 2000 ж. кесіпорын 7343 млн. теңге сомасына қызмет көрсетті, яғни 1999 ж. қарағанда бұл 590 млн. теңгеге немесе 8,7% артық. Аэронавигациялық қызмет көрсету 2000 жылдың кесіпорынға 6755 млн. теңге табыс әкелді, бұл оның жалпы көлемінің 92%-ы. 1999 жылға қарай өсім 23%-ды құрады. 2000 жылға қарай табыстың өсуіне ұшу санының 6,5%-ға, авиакомпаниялар пайдаланатын әуе трассалары ұзындығының 3%-ға және АҚШ долларының 1999 жылмен салыстырғанда орташа жылдық бағамының 13,5%-ға артқаны әсер етті.

1998-2000 жылдары кесіпорынның шығыны 10898 млн. теңгені құрады, оның ішінде 2000 жылғы шығын 4370 млн. теңге болды. 2000 жылдың шығындар 1998 жылмен салыстырғанда теңгемен 46%-ға өсті, ал долларға шаққанда 19,7%-ға кеміді немесе 1998 жылғы 38,2 млн. АҚШ долларынан 2000 жылғы 30,7 АҚШ долларына сәйкес болды. Шығыстарды қысқартуға құрылымды өзгерту және кесіпорын қызметкерлерінің санын оңтайландыру жөнінде ұйымдастыру-техникалық шараларын өткізу дің нәтижесінде қол жетті.

Осындай өткізілген шараларға байланысты 1998-2000 жылдары кесіпорынның жалақы қоры бойынша шығысының құрылымы біршама өзгерді, 1998 жылғы жалпы шығысының 32,5%-нан 2000 жылдың 23,1%-ға дейін қысқартылды.

2000 жылдың жалақы қоры 1002 млн. теңгені құрады, бұл 1999 жылға қарағанда 10,5%-ға немесе 96 млн. теңге көп деген сөз. Орташа тізімдік сан бұл кезде 10,5%-ға немесе 304 адамға кеміді.

"Қазаэронавигация" РМК бойынша орташа жалақы 1999 жылғы 26047 млн. теңгеге қарсы 2000 жылдың 32351 теңге немесе 24%-ға артты.

Жалақы қоры мен орташа айлық жалақының өсуі жоғары білікті өндірістік қызметшілер атқарған жұмыс көлемінің кеңеюіне байланысты болды. Диспетчерлер қурамы мен инженерлік-техникалық қызметшілердің орташа жалақылары 2000 жылдың 1999 жылмен салыстырғанда 27,2%-ға артты, яғни айына 34 985 мың теңгені құрады.

Кәсіпорында өндірістік қызметшінің сыбағалы салмағы 76%. "Қазаэронавигация" РМК қызметшілерінің еңбек өнімділіктері (бір адамның шығыны бойынша) 2000 жылы 1999 жылмен салыстырғанда 21,5%-ға артты. Жалпы шығын бойынша жалақы қорының сыбағалы салмағы 1999 ж. 27%-дан 2000 ж. 23%-ға дейін төмендеді.

1999 жылға қарағанда 2000 жылғы әлеуметтік салықтың 48 млн. теңгеге өсуі жалақы қорының өсуіне және тиісті салықтың заңнамалық тәртіп бойынша саналуына бағланысты **б о л д ы .**

Амортизациялық аудару 22,7%-ға немесе 129 млн. теңгеге өсті. Ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету құралдарын жетілдіру бағдарламасы бойынша жаңа негізгі құралдар алыш, оны іске енгізу дің және ескірген жабдықтарды ауыстырудың есебінен амортизациялық есептеудің сыбағалы салмағы 1999 жылғы 16% деңгейінде сақталып қалды. "Өндірісте және табиғи монополия субъектілері көрсететін қызметтерге (тауар, жұмыс) баға (тарифі) айырысу кезінде ескеретін шығындар қалыптасуының ерекше тәртіптері туралы" нұсқауға сәйкес, кәсіпорында бірынғай (тура жолды) құнды есептен шығару әдісі қолданылады, онда нысанның (объектінің) амортизацияланатын бағасы ай сайын тең сомада есептен шығарылады. Негізгі құралдардың амортизациясы 2001 ж. 01.01-де 3294 млн. теңгені құрады, бұл толығымен инвестициялық бағдарламаға жүмсалды.

"Қазавиамет" РМК көрсетілген қызмет есебінен жұмсалған шығынның мөлшері 37,5%-ға немесе 11 млн. тенгеге өсті.

2000 ж. 12.05-дегі "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ-мен жасалған келісім бойынша несиені жабу кестесіне сәйкес ағымдық пайызды төлеумен байланысты, алынған несиелер үшін пайыз бойынша шығынның өсуі 94,3%-ға немесе 90 млн. теңге болды. Кәсіпорынның жалпы шығындарында бұл шығынның сыбағалы салмағы 1999 жылғы 2,7%-ға қарсы 2000 ж. 4,3% болды.

Көрсетілген қызметтер, қосалқы бөлшектер және жанар-жағармай материалдары бағасының өсуіне байланысты көлік шығыны 14,2%-ға, коммуналдық қызмет - 25,7%-ға, техникалық жабдықтаудың қосалқы бөлшектеріне шығын 37,4%-ға артты. Бұл шығындардың сыбағалы салмағы 1999 жылғы 21,4%-ға қарсы 2000 ж. 21,8%-ды
күраады.

Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкес кәсіпорын шығындарына жататын қосылған құн салығы 468 млн. теңгеге немесе 4,8 есе өсті. Шығынның өсуіне халықаралық істерге байланысты қызметтер көлемінің өсуі әсер етті

2000 ж. кәсіпорынның үстеме шығындары 416 млн. теңгеге немесе 3,5 есе өсті, соның ішінде "Thales ATM" фирмасымен келісім жасауды қамтамасыз етуге бөлінген ұзақ мерзімдік несиені сақтандыру есебі - 203 млн. теңге және дебиторлық үмітсіз қарызы қорының - 213 млн. теңгенің пайда болуы бар.

Байланыс каналдарын пайдалану шығыны 1999 жылы 192 млн. тенгелен 2000 ж.

124 млн. теңгеге дейін азайды. "Қазаэронавигация" РМК спутниктік байланыс каналдарын жалдаудың сыбағалы салмағы 2%-ға төмендеді.

Тұстастай алғанда кәсіпорынның шығыны 1999 жылға қарағанда 2000 жылы 22%-ға артты. Қызметті реттеуге қатысты шығындар 79%-ын құрады, соның ішінде өзіндік құны 2205 млн. теңге және жұмсалу мерзімінде 1237 млн. теңге болды.

Кәсіпорынның өндірістік-қаржылық жұмыстарының нәтижесінде 1998-2000 жылдары түсім теңгемен 2,1 есе, АҚШ долларына шаққанда 73%-ға өсті, демек 1998 жылғы 12,1 млн. АҚШ долларынан 2000 ж. 20,9 млн. АҚШ долларына өскен. 2000 ж.

түсім 2 9 7 3 теңге б о л д ы .

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне, әсіресе, үмітсіз және мерзімі созылып кеткен "Қазақстан әуе жолы" ҰААК-ның 7,9 млн. АҚШ доллары мен "Әйр Қазақстан" ЖАҚ-тың 10 млн. астам АҚШ долларындағы дебиторлық қарыздар да маңызды әсер қалдыруды. Бұл жөнінде ҰААК қарызы 1996-1997 жылдары кәсіпорын шығынына жазылды. Қарыздың жалпы сомасында Отандық басқа авиакомпаниялардың үлестері 4%-дан аспайды.

2000 жылғы дебиторлық қарыз 3990 теңгені құрады, бұл 1999 жылға қарағанда 40,9% жоғары. Сыбағалы салмақтың басымын - мерзімдік қаржылық көмек көрсету қызметі мен Көлік және коммуникациялар министрлігінің шешімі бойынша "Қазаэронавигация" РМК "Әйр Қазақстан" үшін төлеген - 1539 млн. теңге немесе 39% құрады. АНҚ қызметі бойынша дебиторлық қарыз 1377 млн. теңге немесе қарыздың 35%-ы. Болашақта жеткізіп тұрудың есебінен жеткізіп тұрушуыларға берілген қарызакы және ішінде ұзақ мерзімділерімен қоса басқа да дебиторлық қарыздар, қарыздың 26%-ы

б о л д ы .

"Қазаэронавигация" РМК-ның несиелік қарыздары 4135 млн. теңге болды, бұл 1999 жылға қарағанда 93,5% артық. "Әйр Қазақстан" ЖАҚ-тың алған міндеттемесін төлеуге ақшалай қаражат бөлу - 1999 және 2000 жылдары жеткізушилер мен мердігерлер алдында, әсіресе, навигациялық жабдықтармен қамтамасыз етуге 6,8 млн. АҚШ долларына келісім жасалған "ATM" фирмасының алдында несиелік қарыздың өсуіне тікелей әсер етті, және сондай-ақ радиотехникалық жабдықтар мен байланыс құралдарын, оның ішінде аэродром өнірі де бар, модернизациялау динамикасына да кері әсерін тигізді. Осында жағдайларға байланысты дефолттан аулақ болу үшін, кәсіпорын 6 млн. АҚШ доллары мөлшерінде банктік несие алуға мәжбүр болды.

2000 жылдың аяғында "Thales ATM" фирмасына берешек несиелік қарыз барлық қарыздың 277 млн. теңгесін немесе 7%-ын құрады.

Француздың "Societe Generale" банкісіне несиелік қарыз 2042 млн. теңге немесе барлық қарыздың 49%-ын құрады. 2000 жылы кәсіпорын төлемді қайтарудың бекітілген кестесіне сәйкес АҚШ-тың 600 мың доллары сомасындағы коммерциялық несиені жапты. Сатып алу несиесін жабу 2001 жылдың қарашасында басталады. "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ алдындағы несиелік қарыз 867 млн. теңге немесе барлық

қарыздың 22%-ын құрады. Бұл несиені төлеу кесте бойынша 2001 жылдың маусымында басталды.

Басқадай несиелік қарыздар 949 млн. теңге немесе барлық қарыздың 22%-ын құрады.

3. Өнімдер, жұмыстар және көрсетілетін қызметтердің тарифтері мен баға динамикасы

"Қазаэронавигация" РМК-ның аэронавигациялық қызмет көрсетудегі тарифі 1998 жылдан бері өзгерісіз болып келеді. Аэронавигациялық қызмет көрсетудегі алым мөлшері Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қары саясат жөніндегі комитетінің (әрі қарай Комитет) 98 ж. 03.16-дағы қаулысымен бекітілген. Алым жинаудың қазіргі жүйесі әуе кемесінің барынша ұшу массасына, авиакомпаниялардың мемлекеттік меншіктіктері мен атқарылған ұшулардың түрлеріне қарай дараланып отырады. Қазақстан авиакомпаниялары үшін алым мөлшерлері шетелдік авиакомпанияларға қолданылатын мөлшерден 1,5-2 есе төмен. Комитеттің жоғарыда аталған Қаулысында Қазақстан Республикасының авиакомпаниялары орындаитын үзіліссіз ішкі рейстерді атқаруда қазақстандық авиатасымалдаушыларына алым мөлшерін төмендететін 0,5 коэффициент қолданылу салдарынан түспеген кіріс 211 млн. теңге болды. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияны реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі Комитетінің 98.08.21-дегі N 3/6 қосымша Қаулысы бойынша ішкі үзіліссіз рейстер үшін, егер олар бір айдың ішінде 100% алдын-ала төлеген жағдайда 10%-дық жеңілдік беру бекітілді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияны реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі Комитетінің 1999 ж. қыркүйектің 15-дегі 68/2-ОД бұйрығымен Қазақстан Республикасының ішкі жүйелі рейстерді орындаитын әуе кемелері-резиденттерін пайдаланушыларынан аэронавигациялық қызмет көрсетуге алынатын ақы 1999 ж. сәуірдің 01-де Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгіленген 1 АҚШ доллары үшін 87,5 теңге бағамы бойынша тағайындалды. Осы бұйрықпен, халық шаруашылығында қолданылатын ұшулар, аэронавигацияның радиотехникалық құралдарын ұшуда сынау және жаттығу ұшулары ішкі жүйелі ұшуларға теңеледі, яғни бұл ұшулардың бәріне тасымалдаудың осы түріне қолданылатын барлық жеңілдіктер жүреді. Тұтастай алғанда 2000 жылы, жоғарыда аталған төмендетілген коэффициентті қолданудың салдары мен белгіленген АҚШ доллары бағамының нәтижесінде кәсіпорын 473 млн. теңге сомасының кірісін ала алмады, ал егер қазақстандық және шетелдік авиакомпанияларға бекітілген тарифтердің айырмашылығын ескерсек, алынбаған пайда 1800 млн. теңгені құрайды. Төмендетуші коэффициенттермен қатар, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау агенттігінің баға және монополияға қары саясат жөніндегі комитетінің 98.06.16-дағы N 17 қаулысымен қазақстандық және шетелдік 1,1 және 1,2 тапсырыс рейстегі әуе кемелерін

пайдаланушыларға аэронавигациялық қызмет көрсеткені үшін қолданыстағы мөлшерге қосымша жоғары коэффициенттер белгіленді, осыған сәйкес қосымша табыс 136 млн. т е н г е н і құра ды .

Жоғарыда келтірілген тарифтердің даралануы қазақстандық авиатасымалдаушыларға демеуқаржы бөлуді қөздейді, бұл ұлттық болсын немесе шетелдік болсын пайдаланушылардың бәріне біркелкі алым ставкасын қарастырған, 1994 жылғы Қазақстан Республикасы бекіткен Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 15-бабына қайшы келеді.

"Қазаэронауигация" РМК-ның шетелдік пайдаланушылар үшін тарифтердің деңгейі іргелес мемлекеттермен салыстырғанда нағыз бәсекелес болып табылады, мысалы, Қазақстан Республикасында Боинг-747 әуе кемесінің ортодромдық шалғайлыштағы 100 км.-ның мөлшері АҚШ-тың 62 долларын құрайды, ал шекаралас мемлекеттерде:

Қытай	-	100	АҚШ	долларын
Ресей	-	70	АҚШ	долларын
Өзбекстан	-	91	АҚШ	долларын
Түркменстан	-	70	АҚШ	долларын
Қыргызстан	-	68	АҚШ	долларын

Әзербайжан - 70 АҚШ долларын құрайды.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардан алым жинауды "Қазаэронауигация" РМК тікелей жасалған келісімдердің негізінде және Халықаралық авиатасымалдаушылар қоғамдастырының клиринголық палатасы арқылы жүргізеді.

Қорыта келе, Қазақстан Республикасында аэронавигациялық қызмет көрсетуге жинайтын алым 1998-2000 жылдар мерзімінде өзгеріссіз болды деуге болады. Көршілес мемлекеттер және дүние жүзінің бірқатар басқа елдерімен салыстырғанда тарифтің көлемі нағыз бәсекелес болып табылады. Алым алу әдісі әуе кеңістігін пайдаланушыларды да, қызмет көрсету провайдерін де қанағаттандырады.

4. Компанияның қаржы салымы қызметі

90-жылдардың басында Қазақстан радиотехникалық кешенінің аэронавигациялық қызмет көрсетуде тиісті деңгейге жетуге мүмкіндік бермейтін, Халықаралық азаматтық авиация үйімінің (ИКАО) талаптары мен стандарттарына сай емес бірқатар кемшиліктегі б о л д ы :

радиотехника құралдарының КСРО кезінде қабылданған, халықаралық үйімдардың талабынан алшак тәртіpte жұмыс істеуі;

әуе кемелерінің қозғалысын сапалы түрде бақылауға қажетті қазіргі кезеңнің радиолокация, радионавигация және электр байланысының болмауы;

қазіргі кезең технологиясын қолдануға мүмкіндік бере алмайтын әуе жағдайын бейнелеуші ескірген құралдар;

әуе қозғалысын басқару процесінің автоматтандырылған құралдарының болмауы; радиотехникалық жабдықтар мен байланыс құралдарының әбден тозуы (70%);

телеграф байланысы авиация желісінің табиғи және рухани тозығы жеткен жағдайлары (АТББ) ;

коммутациялық жүйе ресурстарын жасайтын жедел жерусті байланыс құралдары санының жетіспеуі, "Әуежай-қала" байланыс жүйесінің апарттық жағдайы;

Навигациялық жабдықты ауыстыру үшін, Қазақ азаматтық авиация басқармасы 1992 ж. маусымның 02-де (нөмерсіз) "Alcatel-SEL" фирмасымен 16 VOR\DMЕ техникалық пайдалану орталығы ;

Алматы қаласында орнатылған сандық АТС базасындағы телекоммуникацияның сандық жағдайғы .

Автоматтандырылған кешендерді енгізуге негізделген, компьютерлік технология базасында құрылған әуе қозғалысын басқарудың қазіргі әдістеріне көшу бағдарламасын әзірлеу мақсатымен 1992 жылы Бүкілресейлік радиоаппараты ФЗИ мен "Airsys ATM GmbH" фирмасымен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасындағы әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесін жетілдірудің "Шебер-жоспар" (әрі қарай Шебер-жоспар) бағдарламасын әзірледі.

Жоспарда ӘҚБ АЖ-нің 3 орталығынан (Алматы, Ақтөбе, Астана), екінші радиолокаторлар және әр позициясында 2 топтамасы бар қазір қолданылып жүрген бірінші радиолокатормен жабдықталған 18 радиолокаторлық позициядан тұратын саны 36 топтама болатын Әуе қозғалысын Басқарудың Автоматтандырылған Жүйесін құру қарастырылған болатын .

Бұл жағдайда, сол кездегі әуе қозғалысына қызмет көрсетудің 18 ауданы осы құрылған ӘҚБ АЖ-нің үш орталығына (Алматы, Ақтөбе, Астана) бірігуге тиіс еді.

1993 жылғы наурызда "Шебер-жоспардың" негізінде "Қазаэронавигация" РМК мен "Airsys ATM GmbH" арасында Алматыдағы, Ақтөбедегі, Астанадағы ӘҚБ АЖ орталықтарына жабдықтар және 18 екінші мономпульсті радиолокатор жеткізуға 1993 жылғы наурыздың 16-да N 408563-210-0001 келісім-шарт жасалды.

"Airsys ATM GmbH" Келісім-шарттың іске асусы 1993 жылы басталды. Қаржыландыру Келісім-шартқа сәйкес, 1997 жылы маусымның 11-де қол қойылған "Міндеттерді қамтамасыз ету, кепіл және құқықты табыс ету туралы келісімге" сәйкес Халықаралық тасымалдаушылар Қауымдастыры (IATA) арқылы авиакомпаниялардан келіп түскен аэронауигациялық алымдар кепілдігі болып табылатын фирмалық несиеңінің есебінен жүргізілді.

"Мастер-жоспардың" негізгі ережелерінің бірі - сол кездегі қолда бар радиолокациялық жабдықтарды, оның ішінде 1РЛ139-2 тұрпатты алғашқы радиолокацияны барынша сақтау болды.

Алғашқы радиолокаторлардың пайдалану мерзімдері ұзаққа созылуарына байланысты, қатты денелі қабылдау тетігі мен жұмысқа сенімділігі жөнінде жақсы сипаттамасы бар 1Л118 тұрпатты жетілдірілген радиолокатордың деңгейіне жеткізу арқылы алғашқы трассалық 36 топтаманың барлығын жетілдіруден өткізуға шешім

қабылданды. Бұл мәселені орындауда осы жабдықты шығарушы Лянозовск электромеханика зауытымен (Мәскеу) 1995 жылғы сәуірдің 11-де N 2/95049 келісім - шарты жасалды.

Әрі қарай қазақстан-француз комиссиясының бірлесе еңбек ету шешіміне және одан кейінгі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы ақпанның 02-дегі "1996 жылы Қазақстан Республикасына кепілдеме бойынша берілетін шетелдік несиeler және халықаралық қаржы ұйымдары қарызының есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалар туралы" N 141 қаулысына сәйкес, Франция қаржы салымының бағдарламасына аэродромдық радиолокаторлар жеткізу енгізілді. Осыған сәйкес 1996 жылдың наурызында "Қазаэронавигация" РМК мен "Thomson-CSF Airsys" фирмасының арасында жалпы сомасы 30 млн. АҚШ долларын құрайтын 4 аэродромдық локатор жеткізуге келісім-шарт жасалды. Осы келісім-шартты іске асыру барысында 1996 жылдың желтоқсанында АҚШ-тың 15 млн. долларына кепілдеме берілді және ол келісім-шарт 1997 жылдың басында күшіне енді.

Келісім-шарттарды іс жүзіне асыру процесінде төмендегідей себептермен аeronavигация жүйелері жабдықтарын қайта қарау қажеттігі айқындалды: әуе кемелерінің негізгі тасқыны ҚР батыс жағындағы "солтүстік-оңтүстік" бағыты бойынша және орташа жиілікпен Қытай Халық Республикасының "батыс-шығыс" бағытындағы әуе дәлізіне қарай бірнеше негізгі трассаларға жинақталған.

Екінші радиолокатордың жоғары дәрежеде пайдаланушылық сипаттамасы, соның ішінде: қызметтің үлкен радиусы, тапқыштық зор мүмкіндігі, рұқсаттық жоғары қабілеттілігі, ӘҚБ АЖ орталықтарының функционалды жақсы мүмкіндіктері, ретінде екінші радиолокаторды қолдануға сүйенетін ИКАО-ның пайдалану талаптарын радиолокациялық қадағалаудың негізгі құралы ретінде қолданумен қиуоласа отырып, радиолокациялық позициялардың сәтті орналасулары - АӘҚҚ шекараларын икемді түрде нақты белгілеуге мүмкіндік береді, аeronavигациялық қызмет көрсетудің сапасы және жақартылуы сакталған жағдайда, олардың санын азайтады (әрі қарай - АНК);

Төменгі жиілік жағдайында талдау негізінде аeronavигациялық жүйелерді жетілдіру жоспарларына жаңа техникалық талаптар қойылды, олар келісім-шартты жаңа кескін үйлесіміне және аeronavигациялық жабдық құрамының нақты мұқтаждықтарына лайықтап, жаңа нұсқауға сәйкестендіріп азайту жағын көздеген түзету енгізуін негізі б о л д ы .

Қабылданған шешімдерде қарастырылды:

Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің құрылымын өзгерту және әуе қозғалысын ұйымдастыру аудандарының санын 18-ден 12-ге дейін азайту;

Тек қана Алматы мен Астана үшін екі аэродромдық радиолокатор және екі аэродромдық жүйе жеткізу жабдық құнын екі есе, 30-дан 15 млн. АҚШ долларына төмендету арқылы Thomson-CSF Airsys-пен жасалған келісім-шарттың құрамын өзгерту ; қажетті радиолокациялық позициялар санын төмендетуге байланысты және екінші

радиолокаторларды орнату арқылы жетілдірілген бірінші радиолокатордың санын 36-дан 15 - ке дейін азайту;

Alcatel - SEL келісімі бойынша радиомаяктар санын 7 топтамаға дейін азайту (несие желісіндегі соманың шегіне қарай).

Жабдықтардың құрамына қойылатын жаңа талаптарға сәйкес жоғарыда аталған келісімдер бойынша тиісті өзгерістер қабылданды.

Аэронавигациялық жүйені жетілдіруден өткізу - бүгінгі күні құрамына Алматы мен Ақтөбедегі қазіргі кезеңнің екі трассалық орталығы, 13 екінші радиолокатор, Шымкент қаласындағы "Синтез" автоматтандыру жүйесінің кешені және "Радуга" радиолокаторы, диспетчерлердің автоматтандырылған жұмыс орындары (АЖО) кіретін, барлық радиолокациялық позицияларда ескіргендерді ауыстыра отырып, ӘҚБ жүйесін жарақтауға мүмкіндік берді. Алматы мен Астана қалаларында аэроромдық радиолокаторлар мен аэроромдық жабдықтар жүйесін монтаждау аяқталды.

Осылайша, жоғарғы әуе кеңістігін жабдықтау жетілдірілді. Қазіргі кезеңде аэрором аудандары жағдайларын мұқият талдау мен жабдықтарын ауыстыру қажеттігі аяқталып келеді:

қону жүйесінің жабдығы;

келтірілген радиостанциялар мен маркерлі маяктар;

радиобайланыстарының ӨЖК мен ЖҚ жабдықтары;

"Әуежай-қала" (радиорелейлі және талышықты оптикалық байланыс желілері);

1998-2000 жылдары "Қазаэронавигация" РМК-ның негізгі қаражаттарының қаржы салымы 6418 млн. теңгені құрады, оның ішінде жеке қаражат есебінен - 5551 млн. теңге және "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ несие сінен - 867 млн. 50% жуық немесе 3048 млн. теңге қаржы салымын кәсіпорын несие бойынша міндеттемелерді жабуға жұмсады, соның ішінде 2471 млн. теңге "Airsys ATM GmbH" фирмасына, 493 млн. теңге "Alcatel - SEL" фирмасына, 84 млн. теңге "Thomson - CSF Airsys" фирмасына берілді. ЛЭМЗ-бен жасалған келісім бойынша 435 млн. теңге, Санкт-Петербург қаласының РАБГЗИ ФҚ-на 487 млн. теңге төленді. 850 млн. теңге жобалау-ізденіс, құрылыш-монтаждық жұмыстар мен көліктік және жабдықтар жеткізу бойынша көрсетілген кедендей қызметтерге төленді. Кәсіпорын инфрақұрылымының басқа да негізгі құралдарын (көлік, оргтехника, дербес компьютерлер т.б.) алуға 700 млн. астам теңге жұмсалды.

5. Бюджетпен өзара қарым-қатынас

1998-2000 жылдары "Қазаэронавигация" РМК-ның бюджетке төлем бойынша ұзаққа созылған қарызы болған жоқ. Қазіргі мерзімде Қазақстан Республикасының бюджетіне салық және басқа да төлемдер бойынша 4864 млн. теңге жұмсалды, соның ішінде 1998 жылы - 1030 млн. теңге, 1999 жылы - 1594 млн. теңге, 2000 жылы - 2240 млн. теңге, немесе орташа есеппен жыл сайынғы өсуі - 40-50%. 2000 жылы республикалық және жергілікті бюджеттер кесіміндегі төлемдер тиісті 1739 млн. теңге құрады. Бюджеттен тыс төлемдер 27 млн. теңге болды.

Сонымен бірге, Көлік және коммуникациялар министрлігі кәсіпорнының жекеменшік иесінің өкімі бойынша 1998-2000 жылдары 1860 млн. теңге аударылды, оның ішінде:

"Эйр Қазақстан" ЖАҚ - 1755 млн. теңге;
Шымкент әуежайына - 63 млн. теңге;

Көлік және коммуникациялар

Министрлігіне жұмсалған

шығын - 42 млн. теңге;

1997 жылды Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" заң күші бар Жарлығына сәйкес Көлік және коммуникациялар министрлігі Қаржы министрлігімен келісе отырып жеке меншік иесіне аударатын кіріс үлесін 3% мөлшерінде белгіледі.

Осы мәселе бойынша "Қазаэронавигация" РМК Көлік және коммуникациялар министрлігі арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметіне 1997 жылдан 2001 жылғы кезеңде мемлекеттік бюджетке таза пайданың 3%-ын аудару мөлшерін тағайындау және оны 2001 жыл ішінде өтеу туралы өтініш жасады. 1997-2000 жылдардағы төлем сомасы 179 млн. теңгені құрады, ал 2001 жылдың есебімен ол 234 млн. теңге болады, оның ішінде Көлік және коммуникациялар министрлігі үшін пәтер алуға 15 млн. теңге төленді.

6. Нарықтың маркетингтік зерттелуі

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі батыстан шығысқа қарай 3000 км. ұзақтыққа, ал солтүстіктен оңтүстікке қарай 1700 км. созылып жатыр. Әуе трассасының ұзындығы 54 мың километрге дейін жетеді, оның ішінде 49 мың километрі халықаралық болып табылады.

Қазіргі әуе кеңістігін ұйымдастырудың бағыттардың жеткілікті кең желілері және олардың техникалық жараптандырулары Еуропадан Гонконгқа аптасына 900 рейс және Еуропа - Бангкок/Сингапур маршруттары бойынша аптасына 1500 рейсті ешбір шектеусіз атқаруға мүмкіндік береді. ҚР ӘҚҰ жүйесінің өткізіп жіберу қабілеттілігі - әуе қозғалысының қазіргі қажеттіліктерінен 5-6 есе жоғары.

Географиялық жайлы орналасуы, әуе жолдарының ұзаққа созылуы, техникалық жараптануы Қазақстанның әуе кеңістігін пайдаланушылардың көпшілігі үшін тартымды болып, авиациялық тасымалдаулардың барлық түрлерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді:

авиакомпаниялардың Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзитті ұшулары;

шетелдік авиакомпаниялардың Қазақстан Республикасына қону арқылы ұшулары (шетелдік авиакомпаниялар);

Қазақстан Республикасы әуежайлары мен көршілес елдер арасындағы тасымалдар, оның ішінде ЕЭС;

ішкі тасымалдар (қазақстандық авиакомпаниялар);

ішкі тасымалдар (Қазақстан Республикасы әуежайлары арасында) 80-жылдардың аяғы, 90-жылдардың бас кезеңімен салыстырғанда 5-6 және одан да көп рет қысқарды, ал кейбір аймақтарда мұлдем тоқтатылды (Арқалық, ЖӘЖ). Бұған тасымалдау жағынан аздал өсіп отырған Каспий аймағындағы мұнай өндіру аудандары жатпайды.

Біздің көзқарасымыз бойынша, ішкі авиатасымалдардың құлдырауына себеп болған :

Ішкі тасымалға төлемқабілеттілігі бар тұрғындар сұранысының төмендеуі;

өндірістің жалпы құлдырауына және соған байланысты жүк, жолаушы, пошта авиатасымалдауларына сұраныстың азаюына байланысты Қазақстанның басым көп аймағында іс белсенділігінің шұғыл төмендеуі;

осындағанда жағдайларда қазақстандық авиакомпанияларда пайдалылық пен тиімділік жағын қамтамасыз етуге қабілетті әуе кемелердің санының жоқтығы, ал қолда бар Ту-154, Як-40, Ан-24 және т.б. тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік бермейді;

"Қазаэронавигация" РМК ішкі тасымалдарды ынталандыру мақсатымен қазақстандық авиакомпанияларына аэронавигациялық қызмет көрсеткені үшін ақы алуда салмақты жеңілдіктер жасады, бірақ бұл шаралар ішкі тасымалдардың өсуі мен жолаушылар тарифінің төмендеуіне немесе бір салаға түсінеге әсер еткен жоқ.

Келтірілген дәлелдер Қазақстан Республикасының әуежайлары мен ТМД-ның басқа да елдері және жағын шетелдер арасында тасымалдаудың белгілі бір деңгейде шын мәнінде төмендегенін айқындайды. Жоғарыда келтірілген себептерге авиация әкімшіліктерінің өздерінің жеке авиакомпанияларына қатысты жақтау, қолдау саясатын қосуға болады, сондай-ақ икемділік пен өзара тиімді есептің болмауы да, географиялық ұшуладардың тарылуды мен авиарейстер жиілігінің азаюына әкеп соғады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін алыс шетелдермен байланыстарының өскеніне қарамастан, Қазақстан әуежайлары мен шетелдік әуежайлар арасындағы ұшулар жалпы көлемнің мардымсыз бөлшегін ғана құрайды. Бұгінгі күні тасымалдаудың бұл түрінің күны салыстырмалы түрде жоғары және оның өсуі туризмнің баяу дамуымен шектелуде.

Сонымен, шетелдік авиакомпаниялардың Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы халықаралық транзитті ұшулары - трафиктің негізгі түрі болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі Ресей Федерациясының, Өзбекстан, Қыргызстан, Әзербайжан, Түркменстан, Қытай әуе кеңістіктерімен шектеседі. ҚХР-нан басқа барлық мемлекеттердің аэронавигациялық қызметтері осы Қазақстандағы сияқты қынышылықтарды бастап өткізіп отыр. Және бұл жағдайда табыстың негізгі көзі болып, Қазақстандағы сияқты, яғни, халықаралық транзиттен түсетін аэронавигациялық алымдар болып отыр. Бұл Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің үлесіне жататын транзит үлесінің өсуі үшін қатігез, ымырасыз күресті айқындайды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі мынандай параметрлермен

с и п а т т а л а д ы :

ыңғайлы географиялық жағдайы;
әуе жолдарының ұзактығы және жан-жаққа тарамдалу желілері;
техникалық жағынан жақсы жарақтануы;
маршруттар мен аэродром өнірлерінде әуе қозғалысының төменгі жиілілігі;
негізгі пайдаланушылары - халықаралық шетелдік авиакомпаниялар;
трафиктің негізгі түрі - халықаралық транзит;
аэронавигациялық қызметті мемлекет үәкілетті еткен жалғыз провайдер "Қазаэронавигация"
РМК атқарады;
шетелдік авиакомпаниялардан алым жинау - авиацияның халықаралық тасымалдау
ұйымы ИАТА арқылы жүргізіледі.

1995-2000 жылдары әуе трассаларын дамыту бойынша жұмыстар жүргізілді, оның ұзындығы бүгінгі күні 50000 км.-ден астам, халықаралық әуе дәліздерінің саны 72-ге дейін

өсті.

1998-1999 жылдары Оңтүстік-Шығыс Азиядағы дағдарыс пен Ресей Федерациясындағы дефолтқа байланысты ұшудың жалпы көлемінің төмендеуі кезінде, аэронавигациялық қызмет көрсетуден түскен кірістерді сақтау мақсатымен, әуе қозғалысының қосымша тасқынын тарту шаралары қабылданды - халықаралық әуе жолдарының жаңа дәліздері мен участекелері ашылды. Қазақстан Республикасы аумағын пайдалануши авиакомпаниялар үшін маршрут ұзактығы артты.

1998 жылдың шілдесінде Қытаймен шекараада Еуропа елдерінен Гонконгқа, Манилаға, Пекинге, Үрімшіге, Сеулге, т.б. тәулігіне 40 әуе кемелеріне дейін ұшатын жаңа әуе дәлізі ашылды. Та什кенттен Қытайға және Кореяға қарай бағытталған ұшулар да осы дәлізге аудастырылды.

1998 ж. аяғында Әзербайжан шекараасында қосымша дәліз ашылды және осы дәлізді Қытай шекараасында ұзактығы 2642 км. созылған дәлізben жалғастыратын маршрут жарияланды. Соның нәтижесінде, қысқа ұзындықтағы маршрутты ұшулар осы бағытқа аудыстырылды, аэронавигациялық қызмет көрсетудегі төлемнің айырмашылығы да соған сәйкес өсті. Осы маршрут бойынша Каспий және Қара теңіз аймақтарындағы мемлекеттерден Қытайға, Кореяға, Жапонияға ұшулар атқарылды. Тек қана Әзербайжанның жүк авиакомпаниясы осы жол арқылы табысы 1 млн. астам АҚШ долларын құрайтын 700-ден артық рейс орындаады, бұл бұрын пайдаланып жүрген маршруттағы табысын 2 есе арттырды.

Түркиядан Алматы және Бішкек қалаларына Қазақстан аумағы бойынша ұшатын маршруттардың барынша ұзақ бағыты жарияланды, ол маршруттарды Бішкекке 391 км. орнына 2156 км. және Алматыға 672 км. орнына 2437 км. дейін өсірді.

Қазақстан аумағын айналып өтіп, қара теңіз арқылы Батыс Еуропадан Оңтүстік-Шығыс Азияға ұшулардың басталуымен бірге ұзактығы 413 км. созылатын Ақтауды басып ұшатын бағыт енгізілді, ол бойынша 1998 ж. тәулігіне халықаралық 25

рейстің үзіліссіз ұшулары басталды. Бұл трасса бойынша қосымша пайда 2000 ж. АҚШ-тың 2 миллион долларынан астам болды.

КСРО кезеңінен белгіленген әуе қозғалысына қызмет көрсету ұйымдарының жауапты өнірлерімен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын сәйкестендіру жұмыстары жүргізілді:

1996 ж. бұрын басқару ісі Қырғыз Республикасы арқылы жүзеге асырылатын Тараз қаласы ауданындағы әуе кеңістігі Қазақстан Республикасына берілді;

1999 ж. бұрын әуе қозғалысын басқару ісі Өзбекстан Республикасы арқылы жүзеге асырылатын Шымкент ауданы әуе кеңістігін басқару құрылды.

Шымкент АӘҚҚ ашылуы - мемлекеттің онтүстігінде әуе кеңістігін пайдалану толығымен бақылауға көшуіне және кәсіпорынның құрылған кезінен бастап 3,3 млн. доллар қосымша табыс алудына мүмкіндік берді.

Ташкент, Бішкек, Ор аэродромдары аудандарына, мемлекеттік шекараға жақын орналасуларына байланысты, сол аэродромдарда ұшу мен қону кезіндегі маневрлар үшін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі бөлінді. Бұл жағдайда маршруттық алымдарды Қазақстан толығымен мемлекеттік шекараның нүктелері бойынша жи на ды .

Осымен бір мезгілде, Ташкент аэродромы ауданына бөлінген әуе кеңістігінің айырбасы ретінде, Қазақстан Республикасы әуе қозғалысын басқаруды Өзбекстан Республикасы аумағының үстін басып өтетін әуе жолының 2 участесі арқылы (113 және 128 км.) жүзеге асырады. Оның ішінде тиімдірек болып табылатын 128 участке, аэронавигациялық қызмет көрсеткені үшін алатын жылдық алым 0,5 млн. АҚШ доларын құрайды .

1998-2000 жылдары қатығез бәсекелестік күрес жағдайында сауатты маркетингтік саясат жүргізу арқылы "Қазаэронавигация" РМК аэронавигациялық қызмет көрсетудегі табысты сақтап қана алмай, оны жыл сайын 3-5% өсу беталысына қарай бұрды.

3-тарау. Ұлттық компанияны дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған даму жоспары

1. Өнімдер, тауарлар, қызметтер көрсету өндірісі

2001-2005 жылдары "Қазаэронавигация" РМК қызмет өндірісі түбебейлі өзгерістерге ұшырамауға тиіс. Кәсіпорын жұмысының негізгі түрі Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардың әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету болып қалады.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылар актісінде, ТМД елдерімен қоса алғанда, шетелдік авиакомпаниялардың әуе кемелерінің жыл сайынғы ұшу қарқындары 1,5-2%-ке өсуі болжалданып отыр, бірақ бұл деректер "Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясының даму тұжырымдамасының" бекітілмеуіне

байланысты ақырғы болып есептелмейді.

2001-2005 жылдары "Қазаэронавигация" РМК өндірістік көрсеткіштері мына көлемде жоспарланып отыр:

Ұшақ-километр - 490,3 млн. км., жыл сайынғы 1,3 млн. км. немесе 1,3 өсуімен;

Қазақстан Республикасының аэроромдарынан ұшақ-ұшып шығу - 142,9 мың ұшып шығу, жыл сайынғы өсуі 230 ұшып шығу немесе 0,8%;

Ұшақ-ұшып шығу тоннажы - 6,2 млн. тонна, жыл сайынғы өсуі 8,8 мың тонна немесе 0,8%.

"Қазаэронавигация" РМК негізгі қызметінің қызмет көрсетудегі сыбағалы салмағы 2001-2005 жылдары қызмет көрсетулердің жалпы көлемінде құндылық көрсеткіш бойынша 93% құрауға тиіс, 7%-ы басқадай көрсетілетін қызметтердің үлесіне тиеді.

2. Қызметтің қаржылық нәтижелері

"Қазаэронавигация" РМК-ның 2001-2005 жылдарға арналған қаржы көрсеткіштері 2001-2005 жылдардың орташа мерзімдік индикативтік даму жоспарының қосымшасында көлтірілген.

Табыстың зор қарқынмен өсуіне себеп болған өндірістік көрсеткіштердің (ұшулар санының өсуі) орта есеппен жыл сайын 1,5-2% артуы және АҚШ доллары бағамының Қазақстан Республикасының макроэкономикалық бағасына сәйкес өсуі - болды (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 01.06.09-дағы "2001 жылғы наурыздың 19-дағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 368 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 784 қаулысы).

2001-2005 жылдары аэронавигациялық қызмет көрсетуден (әрі қарай - АНҚ) түсетін табыстар Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы әуе трафиктерінің өсуі, сонымен қатар, әуе қозғалысының жиілігін арттыру жөнінде белсенді маркетингтік жұмыс жүргізудің нәтижесіне қарай болмақшы деген ИКАО мен ИАТА-ның болжамды деректерінің негізінде жоспарланды (2, 3 қосымшалар).

Табыстарды қалыптастыру барысында негізгі акцент транзиттік авиатасымалдауды жүзеге асыратын шетел компаниясына ауып отыр, сондай-ақ, қаржылық жоспардың қалыптасында басқа қызметтер (байланыстық қызмет көрсету, АТББ, радиобайланыс, коммуналдық қызметтер, негізгі құралдарды жалға беру) ескеріледі.

2001-2005 жылдары "Қазаэронавигация" РМК 44 310 млн. теңге, жыл сайынғы өсуі 6,96% болатын табыс алуды көздел отыр. 2001 жылдың кәсіпорынның кірісі 7760 млн. теңге, ал 2005 ж. - 9920 млн. теңге болмак.

2001-2005 жылдары қызметтің табиғи монополия субъектісі түрінде реттелетін аэронавигациялық қызметтен түсken пайда жыл сайын 7,41% өсуімен 41160 млн. теңгені құрады. 2001 жылдың кәсіпорын АНҚ-дан 7150 млн. теңге, 2005 жылды - 9270 млн. теңге табыс алады. АНҚ-дан түсетін кірістің сыбағалы салмағы кәсіпорынның жалпы кірісінің 93 % құрайды.

Басқа жұмыс түрлері бойынша кәсіпорын 2001-2005 жылдары жалпы сомасы 3150

млн. теңге, немесе барлық табыстың 7%-ын алуды жоспарлады. 2001 жылы табыстар 610 млн. теңге және 2005 жылы 650 млн. теңгені құрайтын болады, жыл сайынғы өсуі 1,64%.

2001-2005 жылдардың шығысы Үкіметтің жоғарыда аталған қаулысына және валютамен, не болмаса АҚШ долларының бағамымен төленетін қызмет көрсету мен тауарлы-материалды бағалы заттарға АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамының өсуіне, сондай-ақ үнемдірек, энергия аз жұмсалатын жабдықты енгізу нәтижесінде шығынды оңтайландыру және кәсіпорын қызметтерінің құрылымын өзгертуге сәйкес тұтынушылық бағаның өзгеруі негізіне жоспарланып отыр (2,4 қосымшалар).

"Қазаэронавигация" РМК 2001-2005 жылдары өндіріс, әкімшілік және жалпы шаруашылық қажеттіліктеріне жалпы сомасы 29804 млн. теңге жұмсауды жоспарлады. 2001 жылға 5054 млн. теңге, кейінрек шығын 2005 жылы 6930 млн. теңгеге, орта есеппен жыл сайын 9,3%-ке өсуі жоспарланып отыр, соның ішінде:

еңбекақы 1172 млн. теңге және 2005 жылы 1490 млн. теңге жыл сайын өсуі орта есеппен 6,7%;

әлеуметтік салық 2001 жылы 248 млн. теңге, жыл сайынғы өсуі 3,2%;

радиотехника құралдары мен телекоммуникация жүйелерін жетілдіру, ескірген жабдықтарды ауыстыру есебінен негізгі құралдарды 2001 жылы 8882 млн. теңге, 2005 жылы 1540 млн. теңгеге жыл сайынғы орташа өсімі 18,7%, амортизациялау, нәтижесінде 2001-2005 жылдары кәсіпорынның негізгі құралдарының құны өседі.

Шикізатқа, материалға, қосалқы бөлшектер, электр қуаты, жанар-жағармай өндірістік сипаттағы қызметтерге ақы төлеу және негізгі құралдарды ағымдағы жөндеуді өткізуғе 2001 жылы 917 млн. теңге, ал 2005 жылы 1500 млн. теңге, жыл сайынғы өсуі 15,9%; Шығынның жоғары қарқынмен өсуі - тұтыну өнімдері, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің өсуі және оның қымбаттауымен түсіндіріледі. Радиотехникалық жабдықтар мен байланыс құралдарына қосалқы бөлшектерді кәсіпорын жабдықты дайындал шығаратын елдерден (Ресей, Германия, Франциядан) в а л ю т а ф а а л а д ы .

Басқа шығындар (жалпышаруашылық және әкімшілік шығындары, оның ішінде алынған несие төлемдерінің пайызы бар) 2001 жылы 1835 млн. теңге, 2005 жылы 2120 млн. теңгеге дейін, жыл сайынғы өсуі 3,9%;

2001 ж. "Қазаэронавигация" РМК шығындары табиғи монополистердің реттеуіші қызметтері бойынша 4104 млн. теңге, немесе жалпы шығынның 81,2%-ы. 2005 жылы бұл шығындар 5900 млн. теңгені құрайды, немесе жалпы шығынның 81,1%-ы. Тұтынатын өнімдер, жұмыс пен көрсетілетін қызметтер көлемінің және олардың бағаларының өсулеріне байланысты, жыл сайынғы реттеу шығындары орта есеппен 10,9%-ке өседі. Кәсіпорынның қаржылық нәтижесі (салық салынатын табыс) 2001 жылы 2706 теңге, жыл сайынғы өсуі 2,7% деңгейінде жоспарланып отыр. Қаржылық

нәтиже 2005 жылы 2990 млн. теңгені құрайды.

Салық салынғаннан кейінгі кәсіпорынның таза табысы 2001 жылы 1724 млн. теңгені құрайды, кейінгі жыл сайынғы өсуі 3-3,5%, ал 2005 жылы кәсіпорын 1994 млн. тенге таза табыс алады.

Келісім-шарт бойынша орындалып қойған халықаралық міндеттемелер мен алда түрған төлемдерге байланысты "Қазаэронавигация" РМК Көлік және коммуникациялар министрлігіне 2001 жылдың аяғында, 1997 жылғы 14,9 млн. теңге өндірістік аударуды бірге есептеп, мемлекеттік бюджетке 1997-2001 жылдар үшін таза табыстың 3%-ын, барлығы 219 млн. теңге сомасын аудару туралы ұсыныс жасады. Кейінгі кезде пайыздың өсуі мүмкін, 2002 жылы соған сәйкес 6%-ке дейін, яғни 2002 жылы 112 млн. теңге аударылады, 2003 жылы 153 млн. теңге аударумен 8%-ке, 2004-2005 жылдары тиесілі 233 млн. теңге аударумен 12%-ке өседі.

2000 жылғы дебиторлық қарыздың 4 млрд. теңге құрағанын ескерсек, соның ішінде ЖАҚ "Эйр Қазақстан" қарызы:

АНҚ қызмет көрсетілгені үшін 200 млн. теңге, уақытша қаржылық көмек бойынша қызмет және "Қазаэронавигация" РМК Көлік және коммуникациялар министрлігінің шешімімен "Эйр Қазақстан" ЖАҚ міндеттемелері үшін төлеген 1,5 млрд. теңге.

"Қазаэронавигация" РМК қазіргі дебиторлық қарыздарын азайту мақсатымен авиакомпаниялармен өзінің қарсы талап жұмыстарын жандандыруды көздең отыр.

Қажеттілігіне қарай жыл сайын ИКСАНО халықаралық ұйымымен бірлескен жұмыстар өткізіледі және қарсы талап жұмыстың тиімділігін өткізу үшін, іске заң компаниялар тартауды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы қарашаның 21-дегі "Өве кемелерін иелікке алу жобасын іске қосу мәселесі туралы" № 1741 қаулысына сәйкес, 2001 жылы "Эйр Қазақстан" ЖАҚ-тың, "Қазаэронавигация" РМК алдындағы қарызын реструктуризациялау жүргізіледі. Сонымен бір мезгілде, КР Үкіметінің қарауына бюджетке болашақтағы төлем ретінде "Эйр Қазақстан" ЖАҚ-тың қарызын есепке алу мәселесін алу жоспарланып отыр.

3. Өнімдер, жұмыстар және көрсетілетін жұмыстарға тарифтер мен бағандар жоспарлау және олардың негіздемесі

1998 жылдан бастап 2001 жылдың бірінші жартысы кезеңінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушылардың әуе кемелеріне қызмет көрсетудің Қазақстан Республикасында қолданылып келген тарифтері өзгерген жоқ және ол көршілес мемлекеттермен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілігін сақтап келеді.

100 км.	!Қазақ.!Қазақ.! Ресей!	Ресей	!Қыр.!Өз.	!Грузия!Әзер.!Қы
ставкасы	!стан !стан !	!01 ж.	!ғыз.!бекс.! !бай.	!тай !жан !
!ШАК	!ҚР !	!08.01.	!стан!тан !	

	!	!	!	!	!	!	!	!	!	!
!	!	!	!	!	!	!	!	!	!	!
50 т. дейін	35	23	39	47	38	32	30	35	30	30
51-100 т.	48	31	53	64	52	40	41	45	37	
101-200 т.	59	38	66	79	64	56	51	55	53	
201-300 т.	61	40	68	82	67	72	53	60	68	
301-400 т.	62	41	70	84	68	85	54	70	81	
>400 т.	65	43	72	86	70	91	56	75	86	

Казіргі уақытта АНҚ үшін тарифтер әуе кемесінің барынша ұшу салмағына, пайдаланушының мемлекеттік меншіктілігіне, рейстің тұрпатына қарай бөлшектенеді. Мысалы, шетелдік авиакомпанияларға қолданылатын тарифтерден қазақстандық авиакомпаниялардың АНҚ үшін бекітілген 1,5-2 есе төмен. Қазақстандық авиакомпаниялардың ішкі жүйелі рейстеріне төмендетілген 0,5 коэффициенті қолданылады. Шетелдік және қазақстандық авиакомпаниялардың жүйелі емес (чarterлі) рейстеріне тиісті 1,2 және 1,1 жоғарылатылған коэффициенттер қолданылады

2001 жылдың тамызында Ресей Федерациясы аэронавигациялық қызмет көрсетуде қолданылып жүрген тарифті 18-20%-ға көтеруді көздейтін жаңа тариф енгізеді.

Кәсіпорынның 2000 жылғы қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың негізінде, 20%-ға көтеру жағына қарай АНҚ үшін қолданылып жүрген тарифтерді қайта қарау және оны ИКАО талаптарына сәйкестендіру қажеттілігінің пісіп жетілгені айқындалды.

Қазақстан Республикасы әуе жолдарының пайдаланылуына жүргізілген талдау, сондай-ақ, тұтастай алғанда, Еуропадан Оңтүстік-Шығыс Азияга және кері қарай ұшуларды орындау динамикалары жаңа (ұлғайтылған) тарифтерді енгізу дің іс жүзінде Қазақстан Республикасының әуе көністігін пайдалану жиілігі мен сипатына әсер етпейтіндігін көрсетті.

Әрі қарай, "Қазаэронавигация" РМК Қазақстанның "ашық аспан саясатын" өткізуге, яғни, Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына бесінші және одан жоғары ауаны пайдалану тыйымын алыштастыруды енгізу дің ұсынуды жоспарлап отыр.

Бұл әлемге әйгілі және әуе техникасының қазіргі кезеңге лайық жарақталған тұрағы бар ірі шетелдік авиакомпанияларды Қазақстан Республикасы үшін ұтымды, ішкі авиатасымал нарқына тартуға мүмкіндік берген болар еді.

"Қазаэронавигация" РМК аэронавигациялық қызмет көрсетумен қатар, басқа да іс-әрекеттермен айналысады, соның ішінде байланыс қызметін жеткізу бар. Осыған орай, 2001-2005 жылдары байланыс қызметін көрсеткені үшін алым алудың өзіндік жүйесі мен тетігін құру жоспарланды.

Көрсетілген қызметтер үшін тарифтердегі кез келген өзгерістер Қазақстан

Республикасының Табиғи монополияны реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесі қолдау жөніндегі агенттігінің нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

4. Қаржы салымының бағдарламасы

1) аэронавигациялық жүйені дамыту саласындағы ИКАО-ның стандарттары мен үсіншатын **i c - t e j i r i b e s i .**

80-жылдардың аяғында дүниежүзілік авиациялық қоғамдастық авиатасымалдың ғаламдық масштабта тез қарқынмен өсуімен түйісті, осыған орай, қазіргі аэронавигациялық жүйе 50 жыл өмір сүріп жатқанына қарамастан, бұдан әрі ұшулар қауіпсіздігінің деңгейін ұдайы сақтап отыруға, өткізіп жіберу қабілеттіліктері мен ұшу өндірісінің тиімділігін арттыруға қойылатын күннен-күнге өсіп келе жатқан мұқтаждықтарды қанағаттандыруға қабілетсіз болды. Сондықтан, ИКАО саясатындағы аэронавигация жүйесінің екі түрпатын ерекшеленуге болады:

аэронавигацияның дәстүрлі құралдары;
болашақтағы аэронавигациялық жүйелер.

Трафиктің өсу қарқынына ие болу үшін, ИКАО 1993 жылдан бастап CNS/ATM тұжырымдамасын жасауға толығымен кірісті (байланыс, навигация, әуе қозғалысын ұйымдастыру мүддесіндегі бақылау) және қазіргі уақытта осы стандарт төнірегіндегі өзіндік ерекшелікпен келісілу кезеңіне жақындал қалды.

Азия аймағы болашақтағы навигация жүйесінің (FANS) жасаған тұжырымдамасын іске енгізу ді бастайтын алғашқы аймақтардың бірі болып табылады. Өндірістілігі молырақ, ең бастысы, әуе қозғалысын ұйымдастыру технологиясының үнемдірек түрде құру шешімін іздестіру арқылы CNS/ATM тұжырымдамасы қабылданды.

Пайдаланушыларға төмендегідей қызметтер көрсету үшін, тұжырымдама навигациялық спутниктердің көмегін қолдануды көздең отыр:

Н а в и г а ц и я ,
Автоматты кіріптарлық бақылау.

Бүгінгі куні ғарыштық негіздеудің екі навигациялық - АҚШ-та өндіріліп, қолдау тапқан GPS (Global Position System) және Ресейлік ГЛОНАСС жүйесі бар.

GPS жүйесі пайдаланушыға, іс жүзінде, өзінің тұрган жерін жер шарының кез келген нүктесінен кез келген уақытта тез анықтауға мүмкіндік береді. Алғашқыда ол соғыс жағдайында пайдаланылуға көзделгенмен, қазір жарым-жартылай азаматтық пайдаланушыларға да ашылды, сонымен, ИКАО бұны болашақ навигациялық жүйенің негізі ретінде ұшудың барлық кезеңдерінде пайдалануға шешім қабылдады. Сол сияқты, ИКАО ГЛОНАСС-ты да жалпы аэронавигация жүйесіне кіргізу ді шешті.

CNS/ATM дамуы және оның іске енгізілуінің келесі кезеңдерінде, ішінде құру станциялары мен жекеленген түзету хабарламалары бар, жүйенің қосымша бөлшектері енгізіледі. Бұл, бастапқыда нақты емес қонуға таянған кезде, әрі қарай, 2005 жылдан бастап ИКАО-ның 1,2 және әрі қарай 3 санаттары бойынша талап етілген нақтылықты

қамтамасыз

ететін

болады.

2005 жылдарға қарай спутниктік навигация жүйесін әуе кемелерінің барлық ұшу кезеңіне пайдалану жоспарланды, ал 2010 жылдан бастап ол бірден-бір қолданылмалы жүйе болатыны болжанданып отыр.

Аэронавигациялық, телекоммуникациялық желінің негізінде хабардың ықпалдасқан түрін құру - жаңа аэронавигациялық CNS/ATM жүйесін құрудың және іске енгізудің кілті болып табылатынын ескере отырып, Қазаэронавигация, бір жағынан, әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесін жетілдіру мәселесін, екінші жағынан, аэронавигациялық телекоммуникациялық желі құру үшін негіз болып табылатын байланыстың ықпалдасқан сандық желісін құруға кірісті.

ИКАО-ның Кеңесі бойынша, болашақ аэронавигациялық жүйеге көшудің ғаламдық жоспарын бекітілді. Дамудың екі фазасынан тұратын: 1990 жылдың 2005 жылдар, әрі қарай - 2010 жылға дейінгі мезгіл жатады. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі ұшулар қарқыны бойынша ИКАО-ның сұрыптауына сәйкес әуе қозғалысының төмен тығыздығымен айқындалатын континентальды әуе кеңістігіне жатады.

Осыған байланысты ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету жүйесінің даму бағдарламасы мынандай негізгі қағидаларға негізделеді:

Болашақ аэронавигациялық жүйелер міндепті түрде Қазақстан Республикасына енгізіледі;

Ақыр сонында, жүйенің кескін үйлесімі - ҚР әуе қозғалысының төмен қарқынды континентальды кеңістігі деген әуе кеңістігінің тұрпатына жауап беруге тиіс;

Болашақ жүйелерді енгізу ИКАО-ның ғаламдық көшу жоспарының негізгі фазаларына қарай бірте-бірте жүргізіледі:

"A" кезеңі 1990-2005 жылдар;

"B" кезеңі 2005-2010 жылдар;

әрі қарай 2015 жылға дейін.

Іске осылайша келу - болашақ және дәстүрлі жүйелердің ұзақ уақыт бір мезгілде жұмыс істеуін топшылады.

Іс жүзіндегі жоспарды бұл мына мәселелерді шешуді талап етеді:

Алматы және Астана қалаларындағы әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйе орталықтарына алыстатылған позицияларды ықпалдастыру жағастырылады;

Бір жағынан, әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесін жетілдіру мәселесімен қамтамасыз ететін, екінші жағынан, аэронавигациялық телекоммуникациялық желілерді құру үшін база болып табылатын байланыстың ықпалдастырылған сандық желісін құру, соның ішінде ӨЖК және "жер-ая" ЖҚ радиобайланысымен, "әуе-қала" участкеріндегі байланыс құралдарын (байланыстың радиожелілік талшықты-оптикалық желілері) ауыстыру, спутниктік серіктік байланысқа көшү, т.б.

Мезгілі өткен ресурстар, рухани тозығы жеткен және қазіргі стандартқа сай келмейтін аэродромдық радиолокаторлар, қондыру жүйелерін, келтірілген радиостансалар мен маркерлік маяктарды бірте-бірте қазіргі жабдықтарға ауыстыру т.б

Жер үстінің инфрақұрылымын ғарыштық орналасу жүйесіне ауыстыруды болжайтын CNS/ATM енгізу дамудың негізгі бағыты болып табылады. Бірақ бұл процесс спутниктің көмегімен навигацияны қамтамасыз ететін қажетті құралдармен жабдықталмаған әуе кемелерінің көптігінен кідіре тұрады.

Сондықтан "Қазаэронавигация" РМК шолудағы болашақта (навигацияның) Қазақстан кеңістігіндегі ұшуларды орындағын әуе кемелері толығымен жаңа, қазіргі кезеңге сай жабдықтармен жабдықталып болғанша, қолда бар дәстүрлі құралдарын сақтап, күтіп ұстайды. Сонымен, навигацияның дәстүрлі құралдарын сақтап, күтіп ұстайды. Сонымен, навигацияның дәстүрлі құралдары: қондыру жүйесін жабдықтау, автоматтық радиопеленгаторлар, қондырудың инструменталды жүйелері, радиомаяктар, таяу навигацияның радиотехникалық жүйесі, көбінесе өзі сақталып немесе өзіне ұқсас кейінірек шыққан үлгісіне ауыстырылуы тиіс.

Сонымен қатар, әуе қозғалысын басқару сипатын жақсартумен қамтамасыз ететін жабдықтарды: бақылау-реттеу станциялары және жүйелердің нақтылығын, қажеттілігін, тұтастылығын арттыратын кең өнірлі локальды толықтыру жүйелерін орнатуды бастау қа ж е т .

Жоғарыда айтылғандардан АНҚ барлық ішкі жүйелерінің мынадай даму кезеңдері жоспарлануда:

трассалық ұшулар - жоғарғы әуе кеңістігі,
терминалдық онтайландыру өнірі - төменгі әуе кеңістігі.

2) әуе қозғалысын басқару автоматтандырылған жүйесінің орталықтары

ӘҚБ АЖ орталықтары аэронавигациялық жүйелердің барлық инфрақұрылымының базалық элементі болып табылатындықтан, оның дамуына осы қаралып отырған мезгілде ерекше көңіл бөлінеді. Ақтөбе мен Алматыдағы әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған қазір қолда бар 2 жүйесі (ӘҚБ АЖ), сонымен қатар, Алматы мен Астанадағы аэродромдық ұшулардың автоматтандырылған екі жүйесі шектес жүйелер мен аэродром аудандарында резерв ретінде пайдалану жолымен барлық радиолокаторлардың қарамын пайдалануды қамтамасыз етуге тиіс.

Бұл үшін мына шаралардың атқарылуы қажет:
аэродром өнірлерінде ӘҚБ автоматтандыру құралдарын (диспетчердің АЖО) енгізу ;

Алматы мен Ақтөбедегі қазіргі трассалық орталықтарды және сондай-ақ, Алматы мен Астанадағы аэродром орталықтарын да автоматтандырудың, оларға осы орталыққа қатысты радиолокаторларды ғана емес, аралас радиолокациялық позицияларды да ықпалдастыру арқылы автоматтандырудың тиімді түрде автономдық жүйесін құру

жолымен толық ықпалдастық және функционалды резервпен қамтамасыз ету;

Жоспарланған шаралар әуе қозғалысын басқарудың техникалық ғана емес, басқа да зақымдануға душар болмайтын, зор бас тарту-орнықтылық жүйесін құруға мүмкіндік береді .

3) телекоммуникацияның шағын жүйесі

ИКАО халықаралық ұйымы Болашақ жүйеге (FANS - II кезең) көшуді бақылау және әзірлемелерді үйлестіру мен жоспарлау жөніндегі арнайы комитеттің кеңесінде өзінің ДОС 9626 FANS (II/4), құжатында, "жер-аяу" және "жер-жер" байланыс жүйелері ИКАО CNS/ATM жүйесінің шешуші элементтері болып табылатынын мойындалды.

Сондықтан да, болашақ технологияны ендіру мәселесі телекоммуникациялар шағын жүйелерінің даму деңгейіне тікелей байланысты және ол болашақтағы аэронавигациялық жүйенің ғаламдық сипатына қарай, Аэронавигациялық Телекоммуникация желісі осы ықпалдастық жағдайын жасаудың тұғырнамасы болады (A T N) .

Фаламдық ATN дегеніміз - ішіне шлюздердің көмегі арқылы кіретін шағын желілердің ықпалдастырығы. Бұдан ATN бағытына ықпалдасатын жеке шағын желілердің даму мәселесін алға қою қажеттігі туады, демек, оларды реформалау ИКАО-ның тиісті Стандарттары мен ұсынған Тәжірибелеріне сәйкес болу керек. Сондықтан коммуникациялардың шағын жүйелерінің даму бағдарламасы - әрқайсысы өзіне жүктелген міндепті есу деңгейімен қамтамасыз ететін және ИКАО нұсқауларына толық сәйкес келетін шағын желілер даму бағдарламасының қосындысы болып табылады.

ӘҚҰ-ның жетілдіруге жататын жүйесінің авиациялық электр байланысына қоярт ала бы .

Қазақстан Республикасының ӘҚҰ-сын жетілдіруге және әуе қозғалысын
басқарудың (ӘҚБ АЖ) автоматтандырылған жүйесін құруға байланысты міндепті түрде
қамтамасыз етілуі керек:

шеттелген радиолокациялық позициялардан сандық радиолокациялық ақпаратты
ӘҚБ А Ж орталығына жеткізу;

шеттегі радиолокацияның позициялардан орналасқан ӨЖК радиостанцияларын басқарапу;

ӘКБ АЖ орталықтары және шеттелген позициялар аралығындағы үндік байланыс;

Сандық ақпараттың ӘҚБ АЖ орталықтары араларында берілуі;

Жоғарыда аталған байланыстың барлық түрін сенімді және тоқтаусыз жұмыспен қамтамасыз ету үшін географиялық екі тарамды трасса талап етіледі.

Қазақстан Республикасы әуе қозғалысына қызмет көрсетудің жетілдірілетін жүйелерінің талаптарына және ИКАО-ның нұсқауларына сәйкес Қазақстан Республикасында алдыңғы кезекте мынадай шаралар анықталды:

спутниктік және жер үстіндегі сегменттерді пайдалана отырып, шеттелген

радиолокациялық позициялары, шеттелген ретрансляторлары, ҚР әуежайлары арқылы ӘҚБ АЖ орталықтарының арасында сандық жүйе құру;

т е л е ф о н ж е л і с і н ж е т і л д і р у ;

хабар беру және радиолокациялық ақпаратпен алмасу желісін, және ішіне басқа мемлекеттердің ӘҚБ АЖ аралас орталықтары кіретін ӘҚБ АЖ орталықтары арасында сандық ақпаратпен алмасу желісін құру;

Аэронавигациялық, телекоммуникациялық желісін құру;

ЖҚ және ӨЖҚ радиобайланысының жабдықтарын ауыстыру, ӨЖҚ шеттелген ретрансляторын басқару желісін құру;

А Т Б Б ж е л і с і н ж е т і л д і р у .

Ж о сп а р л а н а т ы н қ ы з м е т т е р

"Жер-жер" байланыс жүйесін жетілдіру

2000-2001 жылдары спутниктік және жер үстіндегі сегменттерді пайдалана отырып шеттелген радиолокациялық позициялары, шеттелген ретрансляторлар және ҚР әуежайлары арқылы ӘҚБ АЖ орталықтарының арасында сандық жүйе құру;

Атырау, Ақтау, Арап, Жезқазған, Астана, Қостанай пункттарында серіктік станцияларды жинақтау жөніндегі жобалау-іздестіру жұмыстары аяқталды, 2001 жылы ол жағасын табады.

Ретрансляторларды орнату пункттарына байланыс каналдарын ұйымдастыру үшін цифров қабықтар орнатылу да.

Желіні басқару, қызметшілер дайындау орталығын құру жөніндегі жұмыстар басталды.

Байланыстың әуежай-қала (соңғы миль) бағыттарын барлық филиалдарда резервпен қамтамасыз ету. Магистральді желі байланыстылығы мен каналдарының өткізгіш қабілеттіліктерінің коэффициентін ұлғайту, жерүсті сегментін пайдалана отырып, резервтік сандық каналдар ұйымдастыру.

2002-2003 ж. Желі толығымен қанатын жаяды.

"Жер-жер" диспетчерлік үндік байланыс желісін құру

2000-2001 жылдары Алматы, Астана, Ақтөбе пункттарында үндік байланыс жүйесін жөндеу жұмыстары аяқталды. Байланыс каналдарының жұмысын сенімділік және тұрақтылықпен қамтамасыз ету үшін, кәсіпорынның жеті филиалында талшықты-оптикалық байланыс желісі құрылышын салуды қарастырган "әуежай-қала" участкеріндегі байланыс жүйелерін және 26 санды радиорелейлі желіні орнатуды қайта жаңарту жүргізу де.

2002-2005 жылдары - әуежайларды шағын үндік байланыс жүйелерімен жарақтау.

Спутниктік және жерлік сегменттер базасында салынып жатқан Қазаэронавигацияның кооперативтік сандық желісі бірыңғай кооперативті желі құруға тұғыр болады.

Тораптық АТС 57 (ALCATEL 1000S12), коммутацияның элементі, сонымен қатар,

көпшілік пайдаланатын телекоммуникацияның халықаралық, қалааралық және қалаға шығатын шлюз бен сандық желіні байланыстыру желілерін ұйымдастыру көлігі ретінде, телефон желісінің бірте-бірте аудиосуна негіз болады.

Телефон желісін жетілдіру

2000-2002 жылдары қолда бар желілерге талдау. "Қазаэронавигация" РМК жүйесінің жүйелі жобасы әзірленді. "Қазақтелеком" ААҚ-ға бөтен ұйымдар абоненттері мен "Қазаэронавигация" РМК филиалдарының пәтер секторларын беру.

Арнайы функциялармен қамтамасыз ету мақсатымен, ATC 57 (ALCATEL 1000S12) жабдықтауды аяғына жеткізу. "Қазаэронавигация" РМК телефон желілерінің жұмыс жобасын әзірлеу. ATC 57-ге дейін сандық желі бойынша жалғастыруши желілер ұйымдастыру.

2002-2005 жылдары филиалдардағы ескіргендерін аудиостыру үшін сандық ATC-ті жинақтау. "Қазаэронавигация" РМК телефон желісін жетілдіру - төменде айтылатындарға негізделген маңызды, сапалы және үнемді әсер алуға мүмкіндік береді:

Жалғастыруши сандық желілерге
Сандық ATC
Желідегі бірыңғай нөмірлерге
қызмет көрсетудің жаңа қосымша түрлеріне
қалааралық трафиктерді қысқарту

балама желі қызметтерін жалға алу жөніндегі шығыстарды қысқарту
кабелдік желі құрылышы мен пайдалануға кететін шығыстарды қысқарту
бірыңғай қосымша жабдық топтарымен біркелкі техникалық қызмет көрсету
орталықтарын құру және бағдарламамен қамтамасыз етуге.

ӘҚБ АЖ орталықтарының радиолокациялық ақпаратпен алмасу және өзара
қарым-қатынас жасайтын желілерін құру.

2000-2002 жылдары - Балқаш, Тараз, Ақтөбе, Алматы пунктарында RUI/AASTERIX
ВРЛ хаттамаларын конверторларымен жарақтау. Резервтеумен қамтамасыз ету.
Бағыттаушылық хаттамаларды өндөу, желіні тәжірибелі пайдалану. Желіні пайдалануға
енгізу.

OLDI хаттамаларын жеткізу үшін көліктік желі құрылды. ҚР ӘҚБ АЖ
орталықтарының бағдарламалық қамтамасыз етілуі мен іргелес мемлекеттердің ӘҚБ
АЖ дайындығына қарай, ақпарат жеткізумен қамтамасыз етілетін болады.

Аэронавигациялық телекоммуникациялық желілердің құрылышы
2001-2004 жылдары орындалған жүйелі жоба негізінде ҚР аэронавигациялық желісі
(ATN) құрылышының жұмыс жобасын әзірлеу.

Қазақстандық ATN желісін басқару орталығы мен техникалық пайдалануға енгізу.
Сегмент желілерін тәжірибелі пайдалану. Қызметшілерді оқыту. Желілерді Қазақстан
Республикасы аумағына тарату.

Аралас мемлекеттермен сынақтық байланыс ұйымдастыру.

Тест сынағынан өткізу және нақты пайдалануға көшу.

ЖҚ және ӨЖҚ радиобайланыстарының жабдықтарын ауыстыру. ӨЖҚ шеттелген ретрансляторларды басқару желісін құру.

2001-2004 жылдары әзірленген "КР аэронавигациялық телекоммуникациялық желісі" жобасы мен АҚШ мемлекетінің грантының есебінен DORS фирмасы орындаған жобаның негізінде - ӨЖҚ радиобайланысын да, радиожелілердің ЖҚ жабдықтарын да ескере отырып, радиобайланыс жабдықтарын ауыстыру жоспарын жасау. Бұл жағдайда, Қазақстан Республикасының ӘҚҰ-ның жетілдірілген жүйесіне бірте-бірте көшу есебімен, радиожелілерді онтайландыруды жүргізу керек және осы ЖҚ пен ӨЖҚ диапозондардың берген деректерін қазіргі сандық желімен ықпалдастыра отырып ӘҚБ АЖ орталықтары арасында кең тарату қажет.

Аэронавигациялық телекоммуникациялық желі каналдарын пайдалана отырып, ӨЖҚ шеттелген ретрансляторларын басқару желісін құру. Осы желінің деректерін беру каналының базасында ӨЖҚ желісінің ара қашықтағы бақылау мен мониторинг желісін - орталықтандырылған басқарудағы ӘҚБ АЖ радиобайланыс орталықтарын құру.

А Т Б Б ж е л і с і н ж е т і л д і р у

2000-2001 ж. ӘҚҰ (AMHS) хабарларын өндеу қызметі бөлігіне ерекше көңіл бөле отырып, Қазақстан Республикасының аэронавигациялық, телекоммуникациялық желісінің (ATH) жасалған жобасымен жете танысуды жүргізу.

Қазақстан Республикасында және басқа да аймақтарда АТББ ӘҚҰ-ға ақпарат беру желісі бойынша қамтамасыз етудің маңыздылығын ескере отырып, AFTN/AMHS өтпелі кезеңдегі желісін жасау.

2002-2003 жылдары ӘҚҰ (AMHS) қатынастарды өндеу қызметі жүйесін тәжірибелік пайдалануға көшу. Алматы қаласындағы КББО базасында AMHS жабдығын тәжірибелік пайдалану. Бұл үшін Алматыда ATSMHS желісі үйимдастырылады және өткізіледі:

қ ы з м е т ш і л е р д і о қ ы т у ;

AFTN/ATN шлюздерін тәжірибелік пайдалану.

2004-2005 жылдары "Поток" жүйесінің ОКЖ және АРМ Алматы және Астана қалаларына AMHS жүйесін қолданушы АРМ-ға көшіру.

Қазақстан Республикасының AFTN жүйесінің ATN жүйесіне көшуін аяқтау.

4) н а в и г а ц и я ның ш ағын ж ү й е л е р і

Навигацияның шағын жүйелерінің дамуы екі түрлі жолмен қарастырылады. Бұл шағын жүйеде жерүсті инфракүралымы жүйесін ғарыштық орналасу жүйесіне ауыстыру көкейтесті жай. Бірақ бұл процесс навигацияны ғаламдық спутниктік жүйенің көмегімен қамтамасыз ететін (GNSS) қажетті құралдармен жабдықталмаған әуе кемелері санының көптігімен кідіріледі. Сондықтан навигацияның шағын жүйелерінің даму сипаттамасы екі фактормен айқындалады.

Қажетті Стандарттар және Ұсынылатын тәжірибелер қабылданып, тиісті жабдықтар сериялы түрде шығарылып, әуе кемелері толығымен жарақталғанша, шолудағы болашақта қазіргі қолда бар дәстүрлі құралдарды сақтап, күтіп ұстау қажет;

Жерүсті инфрақұрылымын біртіндеп енгізу қажеттілігі.

Осылайша навигацияның дәстүрлі құралдары: қондыру жүйесінің жабдығы (NDB), автоматтандырылған радиопеленгаторлар (ADF), қонудың инструменталды жүйелері (ILS), радиомаяктар (VOR/DME), таяумандағы навигацияның радиотехникалық жүйелері көп жағдайда өз қалпын сақтайды және соңғы шыққан үлгілермен ауыстырылады.

Жағдайдың тағы бір қын жері, ескі парктің әуе кемелері қазіргі жаңа жабдықпен жарақтауға келмейді, сондықтан да оларды Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі ұшуларды орындаپ жүрген кездерінде дәстүрлі навигациялық жабдықтармен жарақтау қажет болады. Дәл осы фактор жоғарыда аталған жабдықтарды ауыстыру кестесін анықтайды.

Дәстүрлі жүйені қолдаудың басқа бір себебі, олардың пайдалану мезгілінің өткендігі болып табылады. Жабдықтың көп түрі әбден тозуға жақындауда.

Жақсы сипаттамамен қамтамасыз ететін жабдықтарды орнатуды бастау қажет: бақылау-реттеу станциялары, жүйелердің нақтылығын, тұтастығын және қажеттілігін арттыратын, кең өнірлі және локальды толықтыру жүйелерін.

Жоғарыда айтылғандардан навигацияның шағын жүйелерінің мынадай даму кезеңдері анықталды.

2001-2007 жылдары дәстүрлі жүйелер жабдығын қолдау және соған ұқсас кейінірек шыққан жекелей үлгілеріне ауыстыру;

2005-2007 жылдары навигацияның қосымша құралдары ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін жаңа жүйенің элементтерін пайдалануға мүмкіндік беретін жаңа жүйенің элементтерін пайдалануға енгізу;

2010 жылдан кейін навигацияның дәстүрлі жабдықтары бірте-бірте қосымша категорияға өтеді;

Жабдықтар ресурсының жасалау деңгейіне қарай және қажеттіліктің төмендеуіне байланысты 2015 жылды навигацияның дәстүрлі құралдарында бірте-бірте бөлшектенеді.

5) Бақылаудың ішкі жүйелері

Бақылау ішкі жүйелерінің дамуын аэродромдық құрамдылыққа қатысты өткізу қажет.

2001-2002 жылдары пайдаланудан алынуы және уақыты өткен бірінші трассалық IPPI 39-2 радиолокаторлардың 10 топтамасын бөлшектеу жоспарланып отыр. Бұл радиотехникалық жабдықтың осы түрін пайдалану шығынын азайтады.

Аэродром аудандарындағы әуе қозғалысының қарқынына қатысты аэродромдық радиолокаторлардың ресурстық күйіне жасаған талдау - тиісті жұмыспен қамтамасыз

ету үшін өткізілетін шаралар көлемінің мәселесіне қатаң даралықпен экономикалық үнемділік жағына қатаң сәйкестігін ескеру қажеттігін көрсетеді:

Ұшып-қонудың саны салыстырмалы түрде жоғары болған әуежайларда (Астана-Алматы) бірінші аэродромдық радиолокаторларды қазіргі кезеңнің STAR2000 радиолокаторларына ауыстыру жүргізді;

Қарқыны жағынан төменірек топтағы әуежайлардың ішінде (тәулігіне 10-20 әуе кемесі) Қарағанды әуежайында ВОРЛ (ӘҚБ, RBS) қиуластырылған және жеткілікті қосымша ресурстарымен "Экран-85" радиолокациялық кешен жабдығы жарақталуда. Бірақ әуе жағдайын бейнелеудің қазіргі құралдарына көшу үшін, осы кешенді диспетчерлердің автоматтандырылған жұмыс орындарымен қамту қажеттігі туады.

Орындалу мерзімі 2001 жыл;

Жоғарыда айтылған себептермен, әуежайларда келесі топтағы аэродромдық радиолокаторларды ауыстырудың қажеттілігі шамалы. Өз ресурстарын өтеген, РЛК бар осы топтағы әуежайларды ӘҚБ және RBS тәртібіндегі жұмыспен қамтамасыз ету үшін, екінші каналды жетілдіру бойынша күрделі жөндеуден өткізу қажет, сондай-ақ диспетчердердің ПОИ және АРМ аппаратурасы локаторының құрамына төмендегі кесте

б о й ы н ш а к і р г і з у :

2001-2002 жылдары - Шымкент, Жезқазған, Қызылорда, Ақтөбе, Ақтау, Атырау
қ а л а л а р ы н ;

2002-2003 жылдары - Павлодар, Орал, Қостанай, Петропавл қалаларын;

2004 жылы - Өскемен, Семей, Көкшетау, Тараз қалаларын.

Бұл жағдайда РЛК Жетілдірумен бір мезгілде диспетчердің автоматтандырылған жұмыс орындарын бейнелейтін аппаратура ауыстырылады.

Жоғарыда көрсетілген әуежайлардағы аэродромдық радиолокаторды жетілдірудің құны жаңа бір аэродромдық радиолокатордың құнынан аспайтынын атап көрсету қажет, оның үстіне осы әуежайлардағы қазіргі қарқындылық жағдайында мәселені шешудің бірден-бір қолданбалы түрі болып табылады.

Болашақтағы бақылаудың аэронавигациялық жүйелері автоматты кіріптарлық бақылауды қолдануды көздең отыр. ӘҚБ АЖ трассалық орталықтарындағы диспетчерлердің автоматты кіріптарлық жұмыс орындары (АЗН) 2005 жылдан бастап енгізілетін болады.

6) қаржы салымдары (инвестициялар)

2001-2005 жылдары кәсіпорын негізгі құралдарға 15341 млн. теңге сомасына қаржы салымын өткізуді жоспарлап отыр. Қаржы салымы радиотехникалық құралдар мен электр байланыстарын ауыстыруға және оларды дамытуға, өндірістік қажетті негізгі құралдар мен "Қазақстан Республикасында Нотам офисін құру" бағдарламасын алуға, құрылыш-жинақтау жұмыстары, соның ішінде "Транспорт Тауэр" ғимаратына жұмысалады.

2001 жылы қаржы салымы - 2596 млн. теңге, 2002 жылы - 3029 млн. теңге, 2003

жылды - 3197 млн. теңге, 2004 жылды - 3274 млн. теңге, 2005 жылды - 3245 млн. теңгеннің құрайды.

Бұрын жасалған келісім-шарттардың міндептегемелері бойынша "Қазаэронавигация" РМК "Thomson-CSF" "Airsys ATM GmbH" фирмаларына 10,3 млн. АҚШ долларын төлеуге тиіс, бұл 2001-2005 жылдарға арналған қаржы салымы бағдарламасының 10%-ын құрайды.

2001-2005 жылдардың индикативті жоспарында бұрынғы ӘҚҰ жүйесін жетілдіруге, навигациялық және локациялық жабдықтар, байланыс құралдарын жабдықтауға, құрылыш-жинақтау жұмыстарына, басқадай негізгі құралдар алу мен "Транспорт Тауэр" ғимаратын салуға қатысуға жасалған келісімдер бойынша міндепті төлемдер есебімен, кәсіпорын негізгі қарражаттың 16916 млн. теңге сомасына қаржы салымын өткізуді жоспарлап отыр (5-қосымша).

Бағдарлама бұрынғы жасалған келісімдер бойынша төменде айтылатын ірі нысаналарды ауыстыру, алу, енгізумен бірге, міндепті төлемдерді төлеуді көздейді:

ӘҚҰ жүйелерін жетілдіру мен ауыспалы ("Thomson - CSF Airsys" және "Airsys ATM GmbH", "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ, РАБҒЗИ-ӘҚҰ, "Қазактелеком", т.б.) - 17,2 млн. АҚШ доллары сомасы көлеміндегі бұрынғы жасалған келісімдер бойынша міндепті төлемдер;

қону жүйесінің жабдығы - 4,6 млн. АҚШ доллары;

келтірілген радиостанциялар - 3,4 млн. АҚШ доллары;

аэродромдық радиолокаторлық кешендерді ауыстыру, күрделі жөндеуден өткізу және модернизациялау - 16,8 млн. АҚШ доллары;

(ВОР/ДМЕ) навигация жүйелері - 4 млн. АҚШ доллары;

трассалық екінші РЛС - 4,7 млн. АҚШ доллары;

радиолокациялық ақпаратты бейнелейтін (АРМ-Т) аппаратурасы - 6,5 млн. АҚШ доллары;

ӘЖҚ және ЖҚ радиобайланысының жабдығы - АҚШ-тың 14,5 млн. доллары;

радиорелейлік станциялар - 1,5 млн. АҚШ доллары;

дауыстап сөйлеу байланысының жабдығы - 1,9 млн. АҚШ доллары;

"әуежай-қала" участкеріндегі радиорелейлі және талшықты-оптикалық байланыс желілері - 1,9 млн. АҚШ доллары;

есептеу техникасының жабдығы - 2,8 млн. АҚШ доллары;

"Транспорт-Тауэр"-ді қоса ЖРБ - 8 млн. АҚШ доллары.

5. Маркетинг жоспары

Маркетинг қызметінің орташа мерзімді жоспарлаудағы негізгі міндепті - Еуропа - Оңтүстік, Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия Таяу Шығыс елдері бағыттарына транзиттік қозғалыстың қосынша тасқынын тарту үшін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінен өтетін бағыттардың артықшылығын пайдалану болып табылады.

Осы мәселені шешу және осыған сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына

қосымша тасқындар тарту төнірегіндегі жұмыс шеңберінде, әр түрлі мемлекеттік органдардың - Азаматтық авиация комитетінің, Қорғаныс министрлігінің Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесі қолдау жөніндегі агенттігінің бірлескен күштерін қолдануды талап ететін шаралар кешенін өткізу қажет. Бұл шаралар кешені төмендегідей:

1) әуе тасқындарын ұйымдастыру және жоспарлау, жаңа халықаралық әуе трассасын ашу жөнінде іргелес мемлекеттердің үәкілетті органдарымен (үкіметтік деңгейді қоса алғанда) өзара қарым-қатынас;

Казақстан Республикасының елшілігі арқылы тиісті мемлекеттердің үкіметтік мекемелерімен байланыс;

елшіліктер мен "Эйр Қазақстан" авиакомпаниясының өкілеттілігі арқылы мемлекеттердің авиациялық әкімшіліктерімен өзара әрекеттестікте болу;

Қорғаныс министрлігінің тиісті құрылымдарын мүдделі мемлекеттердің әскери ведомстволарымен мәселелерді шешу үшін пайдалану;

